**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті**
**«Ақпараттық – коммуникациялық технологиялар» даярлау бағыты бойынша**
**Академиялық Комитет мәжілісі**

**№6 ХАТТАМАСЫ**

**Кентау қаласы** **12.02.2024ж.**

**Қатысқандар:** Исмагулова Ж.С.- АК төрағасы, доцент м.а., Казбекова Г.Н.- кафедра меңгерушісі, доцент м.а, Жунисов Н. М. - PhD, аға оқытушы, Амиртаев К. Б. - аға оқытушы, Садыбеков Р.Ш. - аға оқытушы, Абибуллаева А., - PhD, аға оқытушы, Аманов Ә - PhD, аға оқытушы, Искендирова Г.С.- аға оқытушы. Исаков Даврон - МАЖ-311 тобының 1 курс магистранты.

**Шақырылғандар:**

1. Худайбергенов Бауыржан «Кентау трансформатор зауыты» АҚ Басқарма төрағасы
2. Юсупов Ахмет Хайтек ЖШС директоры
3. Байжанов Мұрат Давлетбекұлы «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ Түркістан облысы бойынша өкілдігінің басшысы.

**КҮН ТӘРТІБІНДЕ:**

1. Жоғары оқу орнынан кейінгі ББ аудитін өткізу
2. Қазақстандық, шетелдік жетекші университеттермен серіктестік жұмыстар туралы
3. Ақпан айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау.
4. Әр түрлі мәселелер

4.1.Жұмыс берушілердің ББ-ға қанағаттану деңгейін анықтайтын сауалнамалар ұйымдастыру.

**Тыңдалды:**

*Күн тәртібіндегі келесі мәселелер бойынша АК төрайымы Ж.С.Исмагулова*: Жоғары оқу орнынан кейінгі ББ аудитін өткізу, Қазақстандық, шетелдік жетекші университеттермен серіктестік жұмыстар туралы, Ақпан айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау, Әр түрлі мәселелер бойынша Жұмыс берушілердің ББ-ға қанағаттану деңгейін анықтайтын сауалнамалар ұйымдастыру туралы таныстырып, күн тәртібіндегі **бірінші** мәселе бойынша өз ойын жеткізді.

*Күн тәртібіндегі* **бірінші мәселе бойынша** *Казбекова Г.Н.:* Жоғары оқу орнынан кейінгі ББ аудитін өткізу туралы айтты. Кафедраның белгіленген басым бағыттарының негізінде ішкі және сыртқы факторларды сәйкестендіру барысында БББ-на SWOT талдау жүргізілуде. Бәсекеге қабілетті кадрларды сапалы даярлауды қамтамасыз ету үшін ББ бағдарламаларын жаңарту процесі жүргізілуде. Сонмен қатар жұмыс 6М0703-Ақпараттық жүйелер білім беру бағдараламсы бойынша аудит нәтижесі бойынша кемшіліктер бойынша жұмыстар жүргізу туралы айтып өтті.

АК төрағасы Исмагулова Ж.С. **екінші мәселе бойынша**: Қазақстандық, шетелдік жетекші университеттермен серіктестік жұмыстар туралы, АКТ бағыты бойынша үш білім білім беру бағдарламасына, яғни 6В06151-Ақпараттық жүйелер, 6В06182-Компьютерлік инженерия, 6В06181-Ақпаратты өңдеу және визуализациялау білім беру бағдарламалары бойынша басқа университеттермен байланыс орнату мақсатында жұмыстар жүргізілуде екенін атап өтті.

**Үшінші мәселе бойынша** АК төрағасы Исмагулова Ж.С. күн тәртібіндегі мәселелерді қорытындылай келе, ақпан айына жоспарланған жұмыстардың барлығы орындалғандығын жеткізді.

**Әр түрлі мәселелер бойынша** АК төрағасы Исмагулова Ж.С. жұмыс берушілердің ББ-ға қанағаттану деңгейін анықтайтын сауалнамалар ұйымдастыру туралы айтты. Мамандардың жалпы және кәсіби құзыреттерін қалыптастыруды анықтауға арналған сауалнаманы жүргізі үшін 6В06151-Ақпараттық жүйелер, 6В06182-Компьютерлік инженерия, 6В06181-Ақпаратты өңдеу және визуализациялау білім беру бағдарламалары бойынша жұмыс беруші өкілдерге сөз берілді.

**«Кентау трансформатор зауыты» АҚ Басқарма төрағасы Худайбергенов Бауыржан**: 6В06181-Ақпаратты өңдеу және визуализациялау білім беру бағдарламалары білім беру бағдарламасы студенттер мен жұмыс берушілердің талап-тілектеріне сәйкес жүзеге асырылады. Осы орайда таңдау пәндеріне қатысты мәселені студенттердің қалауын басшылыққа ала отырып, нәтижеге жету есепке алынған. Білім беру бағдарламасы академиялық топтардың мамандыққа қатысты өзгешеліктерін негізге ала отырып, университеттің миссиясына, бағдарламаның әлеуетті тұтынушыларының сұраныстарына сәйкес құралғандығын жеткізді.

**Хайтек ЖШС директоры Юсупов Ахмет:** Болашақ 6В06151-Ақпараттық жүйелер маманының теориялық және практикалық даярлығын жетілдіру – жоғары оқу орындарында кадрларды даярлау жүйесінің маңызды мәселелерінің бірі, білім беру бағдарламасы бойынша білім беру мазмұнын айқындай отырып, пәндер бойынша құзіреттілік бағытпен оқытудағы соңғы нәтижелердің нақты белгіленуімен ерекшеленеді.

**«Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ Түркістан облысы бойынша өкілдігінің басшысы Байжанов Мұрат Давлетбекұлы:** 6В06182-Компьютерлік инженерия білім беру бағдарламасы бойынша теориялық және практикалық даярлығын жетілдіру, Кәсіби құзіреттерді айқындайтын оқыту нәтижелерін, студенттер мен жұмыс берушілердің талап-тілектеріне басшылыққа ала отырып жүзеге асырылғандығын атап өтті.

Жиналыста жоғары білімді бәсекеге қабілетті мамандарды дайындау мәселелесі, олардың одан әрі жұмысқа орналасуы, білім сапасын көтеру және түлектердің кәсіби қасиеттерін дамыту, сондай-ақ университет пен жұмыс берушілер арасындағы серіктестікті одан әрі нығайту мәселелереі кеңінен қарастырылды. Болашақ мамандарды қолдаудағы әлеуметтік саясат мәселелері қарастырылды.

**АК мүшесі – аға оқытушы Абибуллаева А.:** Жұмыс берушілер білім беру бағдарламаларын әзірлеуге қатысады; серіктес мекемелерде өндірістік практиканы ұйымдастыру мәселелері, мекемелерге экскурсиялар ұйымдастыру, мастер-кластар өткізу, сондай-ақ тәжірибеден өту үшін жағдай жасау мәселелерін атап өтті.

| № | Критерий | орташадан төмен | орташадан жогары | орташа | жақсы | өте жақсы |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Жалпы құзіреттерді айқындайтын оқыту нәтижелерінің сапасына қандай баға бересіз? | | | | 100 | |
| 2 | Кәсіби құзіреттерді айқындайтын оқыту нәтижелерінің сапасына қандай баға бересіз? | | | | 100 | |
| 3 | Арнайы құзіреттерді айқандайтын оқыту нәтижелерінің сапасына қандай баға бересіз? | | | | 100 | |
| 4 | Кәсіби құзірет психологиялық – педагогикалық жағдаятты анықтау және қалыптастыру қабілетін айқындайтын оқыту нәтижелерінің сапасына қандай баға бересіз? | | | | 57 | 43 |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 5 | Кәсіби құзірет психологиялық – педагогикалық жағдаятты анықтау және қалыптастыру қабілетін айқындайтын оқыту нәтижелерінің сапасына қандай баға бересіз? | | | | 86 | 14 |
| 6 | Білім беру бағдарламасында пәндер мазмұны соңғы оқыту нәтижелерінде айқындалу деңгейі | | | | 57 | 43 |
| 7 | Университеттің кәсіби мамандар үшін дайындалған білім беру бағдарламаларының негізгі артықшылықтарын көрсетіңіз (жауаптардың бірнеше нұсқасын белгілеуге болады) | | 1) Білім беру бағдарламасы бәсекелестікке қабілетті болашақ маманның кәсіби-теориялық даярлығын арттырудың жолдарын нақты белгілеп беріп отырған, талап деңгейінде әзірленген бағдарлама.<br>2) Ақпараттық коммуникациялық технологияларды және қоғам, кәсіби ортада коммуникативті дағдыларды қолдана білу қабілеттілігі айқындалған | | | |
| 8 | Егер сізде біздің университетте кадрларды даярлау сапасына қатысты қандай да бір қосымша тілектер мен ескертулер болса, жазып көрсетуіңізді өтінеміз | | Практикалық дайындықты жетілдіру, заманауи цифрлық технологияларды меңгеру. | | | |

**Шешім:**

1. Жоғары оқу орнынан кейінгі ББ аудитін өткізу ұйымдастырылсын.
2. Қазақстандық, шетелдік жетекші университеттермен серіктестік жұмыстар қолға алынсын.
3. Ақпан айында атқарылған іс шаралар қанағаттанарлық деп танылсын.

4.1.Жұмыс берушілердің ББ-ға қанағаттану деңгейін анықтайтын сауалнамалар ұйымдастыру нәтижесі қанағаттанарлық деп танылсын.

**Ақпараттық – коммуникациялық технологиялар бағыты бойынша Академиялық комитет төрағасы:** **Ж.С.Исмагулова**

**Хатшы:** **Г.С.Искендірова**